**ТОО детский сад «Super baby - S» балабақшасы ЖШС**

**Аналитикалық анықтама 2 критерий бойынша**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен бекітілген («Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына» zan.kz «Номенклатура видов организаций образования приказ 50») сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдар типінде «Балабақша» (Детский сад) жеке ұйым түрі ретінде бекітілген.

Номенклатураның аталған бөлімінде балабақша құрылымына байланысты келесі нақты түрлер көрсетілген:

Балабақша (жалпы үлгідегі)
Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңнамасына сәйкес,

балабақша — 1 жастан (немесе 3 жастан) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды, дамытуды, сондай-ақ оларға күтім жасау мен сауықтыруды қамтамасыз ететін мектепке дейінгі негізгі ұйым түрі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бекіткен Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (№ 385 бұйрық) сәйкес, балабақшалардың негізгі параметрлері мынадай тәртіппен реттеледі:

1. Балабақшаға қабылдау жасы

Балабақшаларға балаларды қабылдау 1 жастан бастап мектеп жасына жеткенге (6 немесе 7 жасқа) дейін жүзеге асырылады. Жас ерекшелігіне қарай топтар келесідей бөлінеді:

Орта топ «Улыбка» 3-тен 4 жасқа дейін.
Ересек топ «Солнышко» 4-тен 5 жасқа дейін.
Мектепалды тобы «Звёздочки» 5-тен 6 жасқа дейін.
2. Топтарды жасақтау тәртібі

Топтарды жасақтау және балаларды қабылдау **жыл бойы** бос орындардың пайда болуына қарай, электрондық кезек және жолдама (немесе ваучерлік жүйе) негізінде жүргізіледі.

Жаңа оқу жылына жинақтау: Негізгі жаңа топтарды жасақтау өңірлерге байланысты маусым-тамыз айлары аралығында (31 тамызға дейін) аяқталады.
Растау мерзімі: Ата-анаға берілген жолдаманы немесе ваучерді растауға 2 жұмыс күні беріледі. Расталғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде балабақшамен келісімшарт жасасу және құжаттарды тапсыру қажет.
Топтардың толықтығы (Санитариялық талаптар бойынша):
1 жастан 2 жасқа дейінгі топтарда — 10 баладан аспауы тиіс.
2 жастан 3 жасқа дейінгі топтарда — 15 баладан аспауы тиіс.
3 жастан жоғары топтарда — 25 баладан аспауы тиіс.
3. Жұмыс режимі

Балабақшалардың жұмыс режимі мен балалардың онда болу ұзақтығы ұйымның Жарғысымен және ата-анамен жасалатын Үлгілік шарт негізінде айқындалады.

Апталық режим: Әдетте 5 күндік жұмыс аптасы бекітіледі (дүйсенбі – жұма).

Күндізгі уақыт ұзақтығы: 9 сағат
Толық күн болатын топтар: 08:00 ден 17:00 ге дейін
Жартылай күн болатын топтар (қысқа уақыттық): 3 — 5 сағат.
Сондай-ақ, қажеттілігіне қарай тәулік бойы (интернаттық) немесе кезекші топтар жұмыс істей алады

ЖШС «Super baby-S» балабақша құрылтайшысы: М.О. Жанахметова